

**«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы**

## **«Қарттарым-асыл қазынам»**

**Мерекелік концерт**



**Ересек «Балақай» тобы тәрбиеленушілері**

**2025-2026 оқу жылы**

**Жүргізуші:** Армысыздар, құрметті қонақтар, ардагер ұстаздар және аталар мен әжелер!  
Бүгінгі «**Қарттарым - асыл қазынам!**» атты мерекелік концертімізге қош келдіңіздер!

Дүниеге келер бір рет,

Дария кеуде тау мүсін.

Құрыштан құйған күдірет,

Қарттарым аман-саумысың!?

Қарттарымыз – ол біздің қазынамыз,

Күніге бір көрмесек сағынамыз.

Бейне бір барғанындай аурухана,

Бір тілдессек бар аурудан жазыламыз.

Өсіріп, тәрбиелеп ұл-қыздарын,

Ұшырды сусындатып білім нәрін,

Қалғанын немереге беріп жатыр,

Осылар өссе екен деп біліп бәрін.

Бүгінгі «**Қарттарым - асыл қазынам!**» атты мерекелік концертіміздің алғашқы құттықтау сөз кезегін балабақша менгерушісі – Еркусимова Ляйля Тимуровнаға береміз.

**Жүргізуші:**

Балаларыңыз қуаныш әкелсін,

Немерелеріңіз жұбаныш әкелсін.

Орындарыңыз төр болсын,

Дастархандарыңыз мол болсын!

Қатарларыңыз көп болсын – деп, немерелеріңіздің «Менің бақытты балалық шағым» атты биін қабыл алыңыздар.





### **Исмаил**

Құттықтаймын жан ата,  
Мерекенмен бүгінгі.  
Мерейіңіз асқақтап,  
Көрсете бер үлгінді.

### **Сафия**

Қариялар-дария  
Дархан көңіл өлшемі.  
Қарттарым аман-саумысың,  
Құрметтейді ел сені.

### **Арайлым Г.**

Қартымыз бар даналы.  
Бар жақсыны арнайтын,  
Батасымен дем беріп,  
Үміт жібін жалғайтын.

### **Тілекші**

Ақ батасын беретін,  
Маржан сөзді теретін,  
Қарттар күні ерекше  
Құттықтаулар келетін.

### **Арайлым**

Әжем менің әлі де,  
Ұқсамайды кәріге.  
Шәй қайнатып береді,  
Үйдегінің бәріне.

**Ән: «Атам, әжем» әнін қабыл алыңыздар!**



### Жүргізуші:

Бар тілек аман болсын қариялар,

Үйрететін өмір сырын дариялар.

Солардың арқасында өсіп өнді,

Елімізде қаншама жанұялар.

Сенде досым жетесің сол қарттыққа,

Құрметті көрсете біл ол артық па,

Ақ батасын әрқашан ала білші,-дей келе, ата-әжелерімізден ақ бата алайық.



Шығар төрге, жантайсын ақ жастыққа.- дей келе «Қарттарым - асыл қазынам!» атты мерекелік концертімізді аяқтаймыз. Әрқашан алар орындарыңыз төр болсын! Дендеріңіз сау болсын! Келгендеріңіз үшін мың алғыс! Рахмет!

